

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Журналистика факультеті  
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы

«Қазақ журналистикасының тарихы»

Пәні бойынша

Пәннің коды: ikzh 1202

**«6В03206 Медиакоммуникациялар»**

Оқыту деңгейі: бакалавр

Кредит – 3

Курс – 1

Семестр – 2

Алматы – 2024

## 1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Қазақ журналистикасының тарихы» атты жалпы курс бакалавриат бөлімінде де оқытылады. Бұл пәннің шәкірттерді журналистік мамандыққа баулуда, әсіресе, баспасөз тарихының қалыптасуы мен дамуы, жанрлық жіктелу сипаты мен стильдік белгісінің айқындалуы, сыртқы пішіні мен ішкі мазмұны, тақырып алуандығы мен сюжет байлығы, тілдік және терминологиялық ерекшелігі. Сондай-ақ, баспасөздің бірте-бірте пәрменділігінің күшеюі, билік басындағы әкімшілік басқару органдарына қалып бұқараның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани мүддесін орындату қаупінің төнуіне байланысты үкімет тарапынан қоғамдық ой-пікірді ұдайы назарда ұстауды көздеп бақылау қоюы. Міне, осыған орай өз идеясын оқырман зердесіне қайткенде де жеткізуді мұрат еткен шығармашылық ізденіс пен журналистік шеберліктің нәтижесінде цензураның сүзгісінен өтудің түрлі әдіс-тәсілдерін игеру тәжірибелерінен мол мағлұмат алары кәміл. Әлемдік ақыл-ой мен журналистика ілімін ілгері дамытуға орасан зор ықпал етіп, өлшеусіз үлес қосқан қазақ публицистері хақында қызықты деректермен танысады.

**Пәннің мақсаты:** ұлттық баспасөз тарихының тууы мен қалыптасуы, алғашқы көсемсөзшілер мен газет-журнал редакторлары, олардың шеберлік мектебінен тәлім алу; баспада, газетте, радиода және телевизияда жарыққа шығаруға дайындау үшін журналистік шығарманың мәтінімен редакторлық жұмыс жүргізудің теориялық негіздерін және кәсіби тәсілдерін меңгеруге көмектесу.

**Пәннің міндеттері:** студенттерге қазақ журналистикасының тарихын оқытудағы ұлттық мүдде тұрғысынан негізгі ұстанымдар. 1905 жылдан бергі кезең аралығындағы қазақ журналистикасының өткен жолы жөнінде кең және жан-жақты мағлұмат ұсыну;

1. қазақ газеттері мен журналдарының бағыт-бағдарына, мән-мазмұнына олардың жарық көрген уақытындағы саяси-әлеуметтік жағдайларға сәйкес баға беру;
2. қазақ баспасөзі тарихындағы «ақтаңдақ» тұстарға ерекше назар аудару;
3. студенттерге қазақ журналистикасы тарихының проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарын жазуға ықпал ету. Ең алдымен оның «Қазақстан тарихы» пәнінің негізінде барлық қоғамдық, саяси кезеңдермен байланыстырыла оқытылатынын ескертіп өтер едік. Себебі, әр студенттің бойына қазақ журналистикасының өткен дәуірлердегі жинақтаған мол тәжірибесін, шығармашылық ізденістері мен шеберлік жетістіктерін дарыта білу бүгінгі күннің ең басты міндеті болып саналады.

**Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:**

1. Ежелгі төлтума ақпаратты тарату мен сақтаудың пішіні мен түрлерінен мағлұмат алады;
2. Ежелгі руникалық тасбітіктерден алғашқы қағаз бетіне түскен мерзімді баспасөзге дейінгі материалдық, идеялық-көркемдік ақпарат тарату мен сақтаудың эволюциялық өсу жолы мен қалыптасу, кемелдену, өркендеу дәуірлерін айқындайды;
3. Алғашқы қазақ тілінде шығып тұрған мерзімді басылымның идеялық-саяси бағыт-бағдары, тілдік-стильдік ерекшелігі, шығармашылық көркемдік деңгейі мен ұлттық сипаты туралы мол түсінік алады;
4. Ресей патшалығы мен кеңестік коммунистік цензура, империяның қазақты тұтас рухани-этникалық мүлдем жер бетінен жойып жіберу мақсатында жүргізген саяси-идеологиялық, әлеуметтік-шаруашылық сынақтары мен миллиондаған адамды аштан қатырған «большевиктердің аштық саясаты», нақақтан-нақақ қуғын-сүргінге ұшыратқан зұлмат зардаптары, жеке тұлғалардың өзіне тән шығармашылық шеберлік қырлары, баспасөздің тілі мен айдары, тақырыптық, жанрлық сыр сипатын меңгереді;
5. Қазақ журналистикасы тарихының мол тәжірибесін бойына сіңіріп, отандық БАҚ-ты идеялық-көркемдік, тілдік-стильдік, композициялық, мазмұндық, пішіндік жаңа сапалық деңгейге көтеретін маман ретінде машықтануы тиіс.

**Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:**

**Модуль 1. Ежелгі төрүк руникалық алфавитімен бәдізделген ескерткіштердегі ұлттық ақпараттың тегі мен түрлері. Ұлттық журналистиканың бастау көзі.** Ежелгі төрүк руна алфавитімен бәдізделген Есік Алтын Адамы жанынан табылған күміс тостағандағы жазу мәтінінде (біздің жыл санауымызға дейінгі 5-6 ғасыр), Орхон, Енесай, Талас өзендері бойындағы тас бітіктерде сақталған журналистикаға тән белгілер. Білге қаған (683-734), Күлтегін (684-731), Тонықұқ, Күлі Чор, Мойын Чор, т.б. жәдігерлердегі сюжеттер мен оқиғалар желісі, образдар бейнесі мен жер-су атауларына байланысты суреттеулерден публицистік белгілердің нышанын, ақпарат таратудың көшпелілерге ғана тән ерекшеліктерін талдау. Бағзы көшпелі төрүктер ақпаратты тасқа басу арқылы дәуір тынысын қаз-қалпында айнаға түскендей ұрпақ санасында мәңгі қалдырды.

**Модуль 2. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзі. «Тәржіман» газеті.** XIX ғасырдың екінші жартысында (1860-1900) Қазақстанда патриархалдық-феодалдық жүйенің ыдырап, капиталистік қатынастардың пайда болуы - баспасөздің, қоғамдық ойдың дамуына айтарлықтай ықпалы. Шоқан Уәлихановтың хат, мақала, ғылыми мақалалары мен жолсапар очерктері, Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ газеті» деп аталған газет үлгісі мен «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақала, корреспонденция, очерктері және этнографиялық мақалалары, Абай Құнанбайұлының еңбек, білім, тәлім-тәрбие тақырыбына арналған өлеңдеріндегі публицистикалық сарын.

«Түркістан уалаяты газеті» (1870-1882 жылдар) мен «Дала уалаяты газетінің» (1888-1902) идеялық бағыт-бағдары мен қазақтың төлтума мерзімді баспасөзін қалыптастыруға тигізген әсері.

1883 жылғы көкек айының 10-күнінен бастап 1918 жылдың ортасына дейін Қырымның Бақшасарай қаласында шығып тұрған "Тәржіман" газетінің маңызы.

**Модуль 3. «Фикир» («Пікір») газеті (1905-1907 жылдар).** 1905 жылы 27 қарашада Орал қаласында жарық көрген «Фикир» газеті. Мерзімді баспасөздің редакторы әрі шығарушысы татар халқының аяулы перзенті Камиль Муттығұлұлы Тухфатуллиннің ұйымдастырушылық қабілеті. «Фикир» газетінің бірнеше санын қазақ тілінде жариялауы.

**Модуль 4. 1905-1907 жылдардағы қазақ баспасөзі.** 1. «Торғай газеті» («Тургайская газета») 1896-1910 жылдар. Онда жарияланған материалдар. 2. «Қазақ газеті» (1907 жыл). Оны шығарушылар мен авторлар құрамы. 3. «Серке» (1907 жыл) газеті. «Серке» газетінің қазақ баспасөзі тарихындағы маңызы. Газеттің шығуын тоқтатуға мәжбүрлеген себеп.

**Модуль 5. «Қазақстан» газетінің тарихи маңызы.** «Қазақстан» газетінің (1911-1913 жылдар) бағыт-бағдары. Газеттің шығармашылық күші мен техникалық мүмкіндігі. Баспасөз құралын ұйымдастырудағы идея.

**Модуль 6. «Айқап» журналы және оның идеялық бағыты (1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейін).** Отандық кәсіби баспасөз бен көсемсөзшілерді қалыптастырудың мектебі.

**Модуль 7. «Қазақ» газеті (1913-1918).** Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханның қазақ баспасөзіне қосқан үлесі. 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында жарық көрген «Қазақ» газеті. Ұлттық жаңа тұрпатты баспасөздің үлгісі. Буын-буын кәсіби журналшылардың ұстаханасы. Салалық журналистика дамуының ұйытқысы. Мерзімді баспасөздің қалың бұқараға тарауын ұйымдастырушы әрі Бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы, газет жұмысының ыстық-суығын көтерген Міржақып Дулатұлы, саяси дем беруші Әлихан Бөкейхан шығармашылығының ерекшелігі.

**Модуль 8. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті арасындағы айтыс.** «Айқап» пен «Қазақ» айтысы қазақ ақыл-ойы мен даналық пайымының дамуына даңғыл жол салған,

жаңа сапалық деңгейге өтуінің бастау көзі. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті кәсіби ұлттық журналистиканың ұстаханасы.

**Модуль 9. Қазақтың жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдары (1917-1918 жылдар). «Сарыарқа» газеті.** «Сарыарқа» газеті - 1917 жылы маусымның 15-нен бастап 1919 жылдың аяғына дейін Семей қаласында шығып тұрған ұлттық-демократиялық бағыттағы басылым. Газеттің аумалы-төкпелі саяси-әлеуметтік оқиғалар тұсында шығып тұруы және бірнеше редактор ауыстыруы.

**Модуль 10. «Бірлік туы» газеті (1917-18 жылдар).** Ресей империясын қамтыған ұлы өзгерістер мен саяси дүрбелең жылдары шет аймақтағы қазақ қоғамының құлағы мен тілі қызметін атқаруы. Газеттің саяси ағартушылық бағыттағы жарияланымдары. Басылымды шығарудағы қиыншылықтар мен оны ұйымдастырудағы Мұстафа Шоқайұлының еңбегі.

**Модуль 11. «Алаш» газеті мен «Үш жүз» газеті. «Қазақ мұңы» газеті мен «Темір қазық» журналы.** «Қазақ мұңы» газетін шығарудағы саяси-идеялық мақсат. Газеттің материалдық базасы мен ұйымдастырудың сыр-сипаты. «Темір қазық» журналының көркемдік-идеялық бағыты. «Алаш» газеті мен «Үш жүз» газетінің шығып тұрған уақытындағы қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай. Бас редакторы Көлбай Тоғысұлының идеялық көзқарас ұстанымы. Басылымдардың көркемдік-идеялық, тілдік-стильдік ерекшеліктері.

**Модуль 12. Алаш баспасөзі. «Абай», «Сана» қоғамдық-саяси және әдеби журналы, «Еркін қазақ», «Қазақ тілі» газеттері.** «Абай» журналының редакция алқасы. Авторлар құрамы. Онда жарияланған материалдар. «Сана» журналын шығарудағы мақсат. Басылымның тақырыптық, тілдік ерекшеліктері мен өзіне тән белгілері. «Еркін қазақ», «Қазақ тілі» газеттерінің көркемдік-идеялық бағыттары мен тарихи атқарған миссиясы.

**Модуль 13. Кеңестік баспасөздің тууы мен қалыптасуы. «Ақ жол» (1920-1925 жылдар), «Еңбекші қазақ» (1921 жылдан шыға бастады бүгінгі атауы «Егемен Қазақстан» газеті).** Аталған газеттердің кәсіби ұлттық журналистиканы дамытуға қосқан үлесі мен қоғамдық-саяси және мәдени-әлеуметтік мәселелерге араласудағы рөлі, ақпараттық саясаттағы ұстанымның саралануы мен даралануына тигізген ықпал күші. Баспасөз жанрлары мен тілінің дамуы. Мерзімді баспасөздегі кеңестік қызыл саясаттың ұлт зиялыларына іріткі салуы.

**Модуль 14. Мұстафа Шоқайұлы - көсемсөз шебері әрі редактор. Мұстафа Шоқай және «Яш Түркістан» журналы.** Мұстафа Шоқайұлының «Яш Түркістан» журналында саяси аналитикалық талдау мақалаларға көбірек орын беруі. Журналды жарыққа шығару мен тақырып таңдаудағы басты ерекшеліктер. Мұстафа Шоқайұлы кеңестік коммунистік саяси жүйенің қазақ ұлтына, төрүктетес ұлт пен ұлыстардың қалыпты дамуына тигізген зиянын әшкерелеуде баспасөзді басты құрал етуі.

**Модуль 15. 1920-30 жылдары кеңестік Қазақстанда орын алған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дағдарыстардың баспасөз бетіндегі көріністері.** 1920-24 жылдар аралығын қамтыған Қазақстанда орын алған қолдан жасалған лениндік ашаршылық пен 1930-34 жылдар аралығын қамтыған сталиндік ашаршылық саясатының ұлттық баспасөз бетінде жазылу ұстанымы және оған қарсы қылмыстық жазаға тарту науқаны. 1920 жылдардың екінші жартысы мен 1930 жылдардағы рухани дағдарысқа мәжбүрлеген тұтынып келген жазу үлгісін ауыстырып, латын графикасын күшпен алдыру үдерісі және оған қарсы алаш арыстарының күресі. 1930 жылдарды қамтыған кеңестік қызыл империяның қазақ қоғамындағы екі дүркін жүргізген қуғын-сүргін науқаны ұлт ретінде өмір сүруіне орасан зор қауіп төндіргенін

жазған алаш азаматтарының қалдырған мұрасы. Баспасөз жарияланымдары азаматтық тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толықтыру мен нақтылауда сүйенетін деректер.

### **Ұсынылатын дереккөздердің тізімі:**

*Негізгі әдебиеттер:*

- 1.Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991;
- 2.Абай Құнанбайұлы. Шығармалар. – А., 2010;
- 3."Айқап". Құрастырушылар: Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы, 1995;
- 4.Алаш. Алашорда. Энциклопедия/Құраст.: Ф. Әнес, С. Смағұлова. –Алматы: "Арыс" баспасы, 2009. – 544;
- 5.Алашорда: Фотоальбом. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы./Құрастырып, түсініктерін жазған: Б. Мүрсәлім. – Алматы "Орхон" Баспа үйі, 2012. – 304 бет;
- 6.Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. I, II, III, IV, V, VI, VII. – Астана: "Сарыарқа, 2010;
- 7.Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – А., 2010;
- 8.Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 бет + 28 бет жапсырма;
- 9."Қазақ" газеті. Құрастырушылар: Ү.Сұбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. – Алматы. 1998;
10. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет;
- 11.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық – Алматы: Қайнар. –2007;
- 12.Тынышбаев М. Таңдамалы. – Алматы: Арыс, 2001. – 332 бет;
- 13.Төгісов К. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 256 бет + 8 бет суретті жапсырма.
- 1.Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – А., 2009;
2. Амирханов Р.У. Татарская демократическая печать (1905–1907 гг.). –М.: Наука, 2008;
3. Досанов Т.С. Этюды по памятникам письма древних усуней (новые расшифровки). – Алматы: ТОО "Жалын" баспасы", 2002;
4. Досанов Т.С. Тайна руники (Графический дизайн в эзотерической рунной концепции бога Тенгри, сокрытой в знаках рунического письма, в родовых тамгах и в символах геометрического генеза). – Алматы: "Өлке" 2009. – 296 с.;
- 5.Сүлейменов Олжас. Сөз коды "1001 сөз" әмбебап этимологиялық сөздігіне кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 91 б.;
6. Мектеп-тегі А. Исмаил Гаспринский. Түркі жұртының Ұлы тұлғасы. Түркістан, 2002. – №14(404). – 4 көкек;
7. Мектеп-тегі А. Ұлттық ақпараттың тегі мен түрлері. Жас алаш, 2003. – №130(14702). – 30 қазан.
8. Мектеп-тегі А. Көсемсөздің көсемі: монография / Алматы: Қазақ университеті, 1915. – 384 б. + 22 бет жапсырма.
9. Мектеп-тегі А. Жеті көсем: зерттеу / Алматы: Қазақ университеті, 1918. – 503 б.

## **2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE**

**2.1. Емтихан формасы:** Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

**2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты:** пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін,

дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

### **2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: 1 критерий. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. 2 критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: 3 критерий. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. 4 критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: 5 критерий. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 критерий. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

### **2.4. Емтихан өткізу рәсімі.**

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы: 1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – X әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым

салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны

анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер

жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

### ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

**Пән:** Қазақ журналистикасының тарихы; **Формасы:** Стандартты жазбаша offline.  
**Платформасы:** Univer АЖ No Балл Критерий

№	Балл критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
1 сұрақ	Ежелгі төрік руникалық алфавитімен бәдізелген ескерткіштердегі ұлттық ақпараттың тегі мен түрлері. Ұлттық журналистиканың бастау көзі.	Студент жауабының тарихи жағдайға сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. отандық журналистиканың пайда болу алғы шарттары мен ақпаратты таратудың, сақтаудың тегінен, түрлерінен хабардарлығын білдіреді	Тәуелсіздікке дейін бұрмаланып келген тарихи жағдайға сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Студент жауабының тарихи жағдайға сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Студент жауабының тарихи жағдайға сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушілі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді. Пәннің негізі қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды.
2 сұрақ	XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы казак	Студент жауабының тарихи жағдайға	Тәуелсіздікке дейін бұрмаланып келген	Студент жауабының тарихи жағдайға	Студент жауабының тарихи жағдайға	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды

	мерзімді баспасөзі. «Тәржіман» газеті.	сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. Уәждері мен дәйектері айқын.	тарихи жағдайға сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. Уәждерін империкалық зерттеудің дәлелдерімен нақтылайды	сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. Уәждерін империкалық зерттеудің дәлелдерімен шектеулі қолданады.	сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушілі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді	сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді. Пәннің негізін қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды.
3 сұрақ	«Қазақ» газеті. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханның қазақ баспасөзіне қосқан үлесі.	«Қазақ» газетінің тарихи атқарған миссиясы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханның қазақ баспасөзіне қосқан үлесі уәжді деректермен дәлелдеу.	Уәждерін империкалық зерттеудің дәлелдерімен нақтылайды	Уәждерін империкалық зерттеудің дәлелдерімен шектеулі қолданады.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) дұрыс берілмейді	«Қазақ» газетінің тарихи маңызын түсіндіріп бере алмайды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханның қазақ баспасөзіндегі рөлін дұрыс пайымдап бере алмайды.
	Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды қатаң ұстанады	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.	

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:  
 Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	Критерий					
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1	1 критерий	100				
2	2 критерий		75			
3	3 критерий			60		
4	4 критерий				45	
5	5 критерий	100				
6	6 критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	70

Декан Т. Көпбаев Т. Көпбаев  
 Кафедра меңгерушісі Г. Сұлтанбаева Г. Сұлтанбаева  
 Дәріскер А. Мектеп А. Мектеп  
 Семинарист А. Мектеп А. Мектеп